

EDU.E-HISTORY.KZ
электронный научный журнал

EDU.E-HISTORY.KZ
electronic scientific journal

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Бас редактор

Әбжанов Ханкелді Махмұтұлы

Редакциялық алқа:

Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова,
С. Әжіғали, Н. Әлімбай, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков,
Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан),
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,
У. Фиерман (АҚШ), А. Чубарьян (Ресей)

Жауапты редактор:

З. Теленова

Редактор:

Р. Көбеев

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, «Edu.e-history.kz»
электрондық ғылыми журналының редакциясы

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Электрондық мекен-жай: <https://edu.e-history.kz/>

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген.

Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).
Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель и издатель:

РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан

Главный редактор

Абжанов Ханкелди Махматович

Редакционная коллегия:

Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусейтова, С. Ажигали,
Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комеков,
Мансура-Хайдар (Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан),
Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков,
У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

Ответственный редактор:

З. Толенова

Редактор:

Р. Кубеев

Адрес редакции:

050010, Республика Казахстан,
г. Алматы, ул. Шевченко, 28.

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,
«Edu.e-history.kz» Редакция электронного научного журнала

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz/>

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации:
№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).
При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходимо
обязательно ссылаться на журнал.

Founder and publisher:

RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology"
of the Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Editor-in-chief:

Abzhanov Hankeldi Mahmutovich

Editorial board:

R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseytova, S. Azhigali,
N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov,
Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan),
Y. Petrov (Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov,
W. Fierman (USA), A. Chubaryan (Russia)

Executive editor:

Z. Tolenova

Editor:

R. Kobeev

Editorial address:

050010, Republic of Kazakhstan,
Almaty, 28 Shevchenko Str.
Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
«Edu.e-history.kz» Editorial electronic scientific journal
Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Journal website: <https://edu.e-history.kz/>

The scientific journal is registered at the Committee for Communications,
Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development
of the Republic of Kazakhstan, registration certificate:
No. 14602-IIA dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).
When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies,
it is necessary to refer to the journal.

ҚЫТАЙДЫҢ XIII ҒАСЫРДАҒЫ САЯХАТНАМАЛАРЫ МЕН ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ҚАЗАҚ ЭТНОТЕРРИТОРИЯЛЫҚ БӨЛІГІНДЕГІ ҚАЛАЛАР

Жанымхан О.

Р.Б. Сүлейменов атындағы шығыстану институты
osanzanymhan@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада XIII ғасырдағы қытай саяхатнамалары мен тарихи-географиялық еңбектерінде кездесетін қазақ этнотерриториялық кеңістігіндегі қалалар туралы мәліметтер ғылыми тұрғыдан талданады. Зерттеу барысында қытай авторларының жазбаларында сақталған Орталық Азия мен қазіргі Қазақстан аумағындағы қалалардың атаулары, географиялық орналасуы, саяси-әкімшілік мәртебесі және олардың Ұлы Жібек жолы бойындағы рөлі қарастырылады. Сонымен қатар моңғол дәуіріндегі халықаралық байланыстардың күшеюі нәтижесінде Қытай деректерінде көрініс тапқан қала мәдениеті, сауда қатынастары мен этникалық құрам мәселелері сараланады. Қытай саяхатшылары мен тарихшыларының еңбектері қазақ жеріндегі ортағасырлық қалалардың тарихын қалпына келтіруде маңызды дереккөз ретінде бағаланып, олардың мәліметтері басқа жазба және археологиялық деректермен салыстырылады. Зерттеу нәтижелері XIII ғасырдағы Қазақстан аумағындағы қалалық мәдениеттің даму ерекшеліктерін және оның Еуразия кеңістігіндегі тарихи маңызын айқындауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Қытай деректері, тарихи география, қазақ этнотерриториясы, ортағасырлық қалалар, Ұлы Жібек жолы, моңғол дәуірі, Орталық Азия.

ГОРОДА КАЗАХСКОЙ ЭТНОТЕРРИТОРИИ В КИТАЙСКИХ ПУТЕВЫХ ЗАПИСКАХ И ИСТОРИКО-ГЕОГРАФИЧЕСКИХ ТРУДАХ XIII ВЕКА

Жанымхан О.

Институт востоковедения имени Р.Б. Сүлейменова
osanzanymhan@gmail.com

Аннотация. В статье проводится научный анализ сведений о городах казахской этнотерритории, содержащихся в китайских путевых записках и историко-географических трудах XIII века. В ходе исследования рассматриваются названия городов Центральной Азии и территории современного Казахстана, сохранившиеся в сочинениях китайских авторов, их географическое положение, политико-административный статус и роль в системе Великого шелкового пути. Особое внимание уделяется вопросам городской культуры, торговых связей и этнического состава населения, отраженным в китайских источниках в условиях активизации международных контактов в эпоху Монгольской империи. Труды китайских путешественников и историков рассматриваются как важный источник для реконструкции истории средневековых городов Казахстана, а содержащиеся в них сведения сопоставляются с другими письменными и археологическими материалами. Результаты исследования позволяют определить особенности развития городской культуры на территории Казахстана в XIII веке и раскрыть ее историческое значение в евразийском пространстве.

Ключевые слова: китайские источники, историческая география, казахская этнотерритория, средневековые города, Великий шелковый путь, монгольская эпоха, Центральная Азия.

CITIES OF THE KAZAKH ETHNO-TERRITORY IN CHINESE TRAVEL ACCOUNTS AND HISTORICAL-GEOGRAPHICAL WORKS OF THE THIRTEENTH CENTURY

Zhanymkhan O.

R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies

osanzanymhan@gmail.com

Abstract. This article provides a scholarly analysis of information on the cities of the Kazakh ethno-territory found in Chinese travel accounts and historical-geographical works of the thirteenth century. The study examines the names of cities in Central Asia and the territory of present-day Kazakhstan preserved in Chinese sources, their geographical location, political and administrative status, and their role along the Great Silk Road. Particular attention is paid to urban culture, trade relations, and the ethnic composition of the population as reflected in Chinese records during the period of intensified international contacts under the Mongol Empire. The works of Chinese travelers and historians are regarded as important historical sources for reconstructing the history of medieval cities in Kazakhstan, and their accounts are compared with other written and archaeological evidence. The findings contribute to a better understanding of the development of urban culture in the territory of Kazakhstan during the thirteenth century and its historical significance within the broader Eurasian context.

Keywords: Chinese sources, historical geography, Kazakh ethno-territory, medieval cities, Great Silk Road, Mongol period, Central Asia.

Ұлы далада көшпенділер есебінен алып империялардың құрылуы мен гүлдену кезеңі Қытай жеріндегі құдіретті патшалықтардың құрылуы мен гүлдену кезеңімен тұспалдас келіп отырды, мұндай жағдай тарихта бір емес бірнеше мәрте қайталанған еді. Бұл өзі тарихи кездейсоқтық па, болмаса қандай бір тарихи заңдылықтар негізінде қалыптасты ма, ол жағы ертелі-кеш көптеген тарихшы ғалымдардың назарын аударып келген аса ауқымды әрі түйткілді мәселе саналады. Ол туралы айтылған пікір көп болғанымен пікірлер бір ортақ шешімге әлі тоқайласқан жоқ. Дей тұрғанмен, Қытай деректерінің Орта Азия мен Қазақстан туралы қатысты деректерінің көбірек әрі егжей-тегжейлі тұстары да негізінен алғанда Ұлы далада мен Қытай жерінің әр екеуінде де құдіретті билік орнаған дәуірлерге дүп келіп қалып отырады. Осы орайда біз «Жібек жолының» Қазақ даласын басып өтетін бөлігінің көне дәуіріне қатысты мағлұматтар жазылған Қытайдың саяхатнамалары мен тарихи-географиялық еңбектері ғұн дәуірі, түркі дәуірі және моңғол дәуірінде, мәнжулерлер құрған Цин патшалығы дәуірінде көбірек сақталғанын көреміз. Әйтсе де ондай шығармалардың ғұн дәуіріне қатыстылары ғасырлар қойнауында өзінің жеке еңбек ретіндегі нұсқасын жоғалтып, Қытайдың ресми тарихи еңбектерінің жеке мазмұндарында ғана сақталып қалған болатын. Уақыт еншісіне орай ондай еңбектердің жеке еңбек ретінде бізге жеткен нұсқалары тек түркі дәуірінен бастап сақталған.

Сонымен, Далалық аймақта Түркі қағанаттары билік орнатқан дәуірде Қытай жерінде Тан патшалығы жан-жақты өркендеу кезеңіне қадам басып, олар VII-VIII ғасырлар көлемінде ара тұра болса да Шынжаңға вассалдық билік жүргізуді күн тәртібіне қойған болатын. Алайда кейін келе Таң патшалығының батысқа шығатын бірден бір жолы болған Хэси дәлізін тибеттіктердің иеленіп, өз күшін Шынжаңға қарай бағыттауына байланысты Таң патшалығы Шынжаңды мүлде тастап шығуға мәжбүр болады. Осындай тарихи уақиғаларға байланысты түркі дәуіріндегі Жібек жолының Қазақстандық бөлігі туралы қытайдың саяхатнамалық және тарихи географиялық еңбектері VII-VIII ғасырларда жазылған санаулы еңбекпен ғана шектеліп қалды.

Сөйтіп, еліміздің аталмыш тарихи кезеңіне қатысты тарихи географиясынан мәлімет беретін Қытайдың саяхатнамалары мен тарихи географиялық еңбектерінен үшеуі сақталған. Оның ішінде саяхатнамалық еңбек екеу. Олар: VII ғасырда жазылған Сюань Цзанның саяхат естелігі «Да Тан Сиюй цзи» («Ұлы Таң әулеті заманындағы Батыс өлке туралы жазбалар»)[1, 731 б.; 2, 15-38 бб.]; VIII ғасырда жазылған Ду Хуаньның «Си син цзи» («Батысқа саяхат естелігі»)[3, 130-137 бб.; 2, 39-46 бб.]. Тарихи географиялық еңбек саналатын еңбек – VIII ғасырда жасаған Цзя Даньнің «Цзя Дан сы дао цзи» («Цзя Даньнің төрт бағыттағы жол туралы естеліктері»)[3, 138-147 бб.; 2, 47-56 бб.] атты шығармасы болып табылады¹.

Ал, моңғол дәуіріндегі деректер кешенінің қалыптасуына келер болсақ, олар моңғолдардың бас көтеруімен тіке қа тысты қалыптасты. Бұл кезде Шыңғысхан бастаған моңғол армиясының Еуразия даласындағы жорықтары тұтас құрлықтың әр шалғайын бір-біріне мүлде жақындатып жіберген болатын. Моңғолдардың қытай жерінің бір бөлігін, соның ішінде Солтүстік қытайды жаулап алып оны өзіне қаратуы ондағы елді өздерінің әлемнің басқа аймақтарына жасаған жорықтарына қатысуға міндеттей бастаған болатын. Осы орайда VIII ғасырдың екінші жартысынан кейін мүлде сиреп кеткен қытай деректемелеріндегі қатысты әдебиеттердің қоры қайта пайда болды. Сөйтіп, келесі кезекте – моңғол дәуіріне жататын әлгіндей еңбектен біздің дәуірімізге төртеуі арнаулы еңбек ретінде аман жетті. Олар: Елюй Чуцайдың «Си ю лу» («Батысқа саяхат естеліктері») сапарнамасы; Ли Чжичанның «Чанчунь Чжэньжэнь си ю цзи» («Чанчунь Чжэньжэньнің батысқа саяхат естеліктері») атты сапарнамасы; ЛюЮйдің «Си ши цзи» («Батысқа елшілік сапардан естеліктер») атты саяхат естелігі; Лю Цидің «Бэй ши цзи» («Солтүстікке елшілік сапар естелігі») саяхатнасы болды.

Түркі дәуірі кезеңінде Орта Азияға сапар шеккен Қытай саяхатшылары Хэси дәлізінен батысқа аттанып қазіргі Шынжаң шекарасына өткеннен кейін Тянь-Шань тауының оңтүстік бөктері арқылы жүріп өтіп Беделі асуын асып түсіп, әуелі Ыссықкөлге одан әрі Шу өзені бойын жағалап сапар шегіп, одан әрі Тараз-Шымкент бағына бет алып отырған болатын, сол себепті олар еліміздің басқа аумағы, нақтап айтқанда Жетісудың шығыс бөлігі мен Қазақ даласының шығыс аймақтарының тарихи географиясы туралы мәлімет бере алмай келген еді. Моңғол билігінің орнауына байланысты XIII ғасырдағы қытай саяхатшылары көбінесе Моңғол даласын жүріп өтіп, онан соң Алтай тауларынан асып одан әрі күн батысқа беттеп отырды. Бұл өз кезегінде VII-VIII ғасырлардағы қытай саяхатшылары еңбегінде орын алған айтулы кемшіліктердің орнын толтырып отырды. Осы орайда біз ең бірінші моңғол дәуіріндегі қытай жиһангездерінің басып өткен жолын бір-бірлеп таныстырып өтуімізге тура келеді.

Жоғарыда көрсетіп кеткендей Моңғол дәуіріндегі саяхатнамалық еңбектердің бірі ретінде Шыңғыс хан армиясының Қазақстан мен Орта Азия жеріне жасаған жорығына қатысқан этностық кидан (қарақытай) ЕлюйЧуцай (1190-1244 жж.) деген адамның «Си ю лу» («Батысқа саяхат естеліктері») атты саяхатнамасы аталады [2, 57-67 бб.; 3, 174-185 бб.; 5, 1-26 бб.]. Аталмыш шығарма авторы болған Елюй Чуцай 1214 жылдары шамасында Шүршіттердің Солтүстік Қытайдағы патшалығы Цзинь Патшалығында маңызды мансапқа тағайындалған, бірақ келесі жылы моңғол армиясы Бейжің қаласын жаулап алады, күйреген патшалықтың шенеунігі болған Елюй Чуцай амалсыздан Шяңшан тауындағы өз үйіне барып бой тасалап

¹ Бұл еңбектің біздің дәуірімізге түп нұсқасы жеткен жоқ. «Цзя Дан сы дао цзи» деп атап жүрген мазмұндарды «Синь таншун» кітабінің авторлары айтулы еңбекті жазған кезде аталған кітаптің география тарауының Ичжоу, Сичжоу, Бэйтин, Аньси қатарлы тараушаларының қатысты мазмұны ретінде кіргізген, қалған мазмұндары сол еңбектің 43 тарауының соңына қосымша ретінде берілген «Шетелдерге баратын төрт төңіректің жолдары» деген тарауына енгізілген. Цзя Данның бұл еңбегі кейін келе басқа да еңбектердің мазмұнынан орын алған [4, 243 б.]. Алайда түп нұсқасы біздің дәуірімізге жетпей жоғалған.

сондағы будда храмында тұрып дін жолына түседі. Көп өтпей моңғолдар тарапына ұсыныстар түсе бастайды. 1218 жылы Шыңғысханның ұсынысы бойынша қазіргі Бейжің қаласынан шығып Моңолиядағы Керулен өзенінің бойындағы Шыңғысхан ордасына барады. 1219 жылы Шыңғысханның Орта Азияға жасаған әйгілі жорығына аттанады. Оның айтулы шығармасы осы жорықтағы көргендері негізінде кейінірек жазылған еді.

Елюй Чуцай өз еңбегінде баяндауы бойынша олар Алтай тауын асып, Ертістің бойына жеткен. Дегенмен ол еңбектің осыдан кейінгі мазмұнында Тянь-Шань тауларының теріскей бетіндегі Бесбалық, Луньтай, Болат, Алмалық және таудың оңтүстігіндегі Хэчжоу (Тұрпан), Ичжоу (Құмыл) тіпті шалғайдағы Удуан (Хотан) туралы жазған. Автордың өз еңбегінің қатысты тұсын бұлайша баяндауы әсіресе оның Бесбалық, Болат, Алмалық қалаларын шығыстан батысқа қарай бір сызықтың бойында көрсетуі адамға Елюй Чуцай өз сапарында Алтайдан асқаннан кейін оңтүстікке беттеп Жұңғар даласын басып Боғда таулары маңындағы Бесбалыққа барып одан кейін Еренқабырға тауларының солтүстік бөктерін сағалап әуелі Болат қаласына келіп жеткен, сол жерден оңтүстікке беттеп Талқы асуынан асып қазіргі Хорғас өткелінен тым алыс емес ҚХР-ның территориялық аумағында жатқан Алмалық қаласына жеткен деген жаңсақ пікірді қалыптастырған. Шын мәнінде Шыңғысхан өзінің 1219 жылғы әйгілі жорығында Алтай тауынан асқаннан кейін батысқа беттеп сол жазда Ертістің еліміз аумағындағы бөлігін жайлаған. Қатысты деректерде бұл кезде Елюй Чуцайдың Шыңғысханмен бірге болғаны баяндалады².

Сондықтан Елюй Чуцайдың айтулы сапары Шыңғысхан жорығымен бірге болған. Олар Ертістің бойынан оңтүстікке аттанып Болат қаласына барып, осы жерден оңтүстікке жүріп Талқы асуын асып Алмалық қаласына жеткен. Осыған орай ол Шағатай бастаған келесі бағыттағы қосынның қатарында болған деуге болады. Себебі айтулы жорықта Шыңғысханның өзі бастаған қосындар Ертістен шығып Қаялық (Қойлық) бағытына қарай жүріп өткені белгілі. Автор Алмалықтан кейінгі жолда өзінің Іледен өтіп әуелі Шу бойындағы Күз-Ордаға (Баласағұн маңында), одан Таразға жетіп, одан әрі қазіргі Оңтүстік Қазақстан аумағына аттанғанын баяндаған.

Елюй Чуцай Шыңғысханның Орта Азияда жүргізген соғыстарына байланыстыосыаймақта 1224 жылға дейін тұрып, моңғол қосындарымен бірге шығысқа беттеген. Дегенмен ол бұл жолы Алмалықтан Тұрпан бағытына қарай сапар шеккен. Бұған қарағанда оның шығысқа қайтқан сапары тағы да Шыңғысхан қосынынан басқа бір бағытта болған. Себебі тарихи деректердің барлығы бұл тұста Шыңғысхан Ертіс бойына беттегенін жазып қалдырған. Міне осындай жәйттердің барлығын ескере отырып автор еңбегіндегі Бесбалық, Тұрпан және Қотан туралы жазғандар оның шығысқа қайтар жолда басып өткен жолында естіген немесе көргендері негізінде жазылған деген пікір қалыптасқан.

Елюй Чуцай 1228 жылы Бейжің қаласында өзінің осы жолғы басып өткен жолдағы көрген білгендері негізінде «Си ю лу» («Батысқа саяхат естеліктері») деген осы саяхатнамасын жазып шықты. Аталған еңбек сол дәуірден қалған ең құнды дерек көздерінің бірі саналады. Елюй Чуцай бас-аяғы өзінің алты жылға тарта өмірін Орта Азия жерінде өткізген. Осы уақытта ол аталған аймақтағы қалалардың көбін аралап көрді немесе онда тұрақты тұрып әскери және әкімшілік міндеттер атқарды. Тарихи деректер оның осы уақыт ішінде Тараз қаласында бір кез тұрып ондағы тың игеру істеріне басшылық еткенін хабарлаған [5, 8 б.]. Сондықтан, оның Қара

² Юаньши. «Шыңғысхан Хорозм шаһқа аттанудың жорық туын тіккен күні бұл кез шілде айы болса да аяқ астынан қатты дауыл тұрып артынан қарлы болран болған. Табиғаттың бұл тосын құбылысын Шыңғысхан жаман ырым ба деп алаңдаған, бірақ Елюй Чуцай бұл жақсы ырым деп жорып «Шілдеде қыс құдайының белгі беруі жеңістің нышаның деген сияқты пәтуа айтқан [6, 146 ц.].

Үнді елі мен Қыпшақ мемлекеті туралы жазғандары ғана басқалардан естіген мазмұндарға құрылған, шығарманың қалған мазмұндары негізінен өз көзімен көргендері негізінде жазылған.

Келесі бір еңбек Шыңғыс ханның ұсынысы бойынша 1221 жылдың көктемінде қытай жағалауынан жолға шығып, сол жылдың қысында Самарқандқа келген қытайлық даосизм дінінің ғұламасы Чанчунь Чжэньжэньнің сапары негізінде, аталған сапарда ұстазымен бірге болған Чанчунь Чжэньжэнь шәкіртерінің бірі – Ли Чжичан жазған «Чанчунь Чжэньжэнь си ю цзи» (яғни «Чанчунь Чжэньжэньның батыс елдеріндегі саяхатнамасы») атты еңбек еді [2, 82-128 бб.; 3, 186- 230 бб.].

Чанчунь Чжэньжэньнің Орта Азияға сапар шегуі Шыңғыс ханның жасы егде тартып, баһадүр ханның денсаулығы ештеп сыр бере бастауымен байланысты болған еді. Осындай кездердің бірінде оның Лю Чжунлу атты қытай нояны Қытайда 300 жастан асқан Цю Чуцзи есімді әулие адамның бар екенін, «оның ұзақ жасаудың» құпиясын білетіні туралы бір алып қашпа әңгімесінің шетін шығарады. Мұны естіген Шыңғыс қаған өзінің арнаулы жарлығын шығарып әлгі қытайлық әулиені өз ордасына алып келуге Лю Чжунлудың өзін жібереді. Бұл тұста моңғол қосындары Алтай тауларынан асып, Ертістің бойына жиналып Хорезмшах мемлекетіне жорық жасаудың дайындығын жасап жатқан еді. Лю Чжунлу өзімен бірге 20 әскер ертіп Ертістің бойынан Қытай жеріне сапарға аттанады. Ол алты ай жол жүріп қазіргі ҚХР Шандун провинциясы аумағындағы Цю Чуцзидің тұрған жеріне барады. Шыңғыс ханның ұсынысын қабылдаған даос қасына өзінің 18 шәкірті ертіп олармен бірге жолға шығады. Олар алыс-алыс жол басып ақыры 1222 жылы қазіргі Ауған жерінде Шыңғыс ханмен кездеседі.

Бұл сапарда олар Қытай жерінен солтүстікке беттеп әуелі Керулен өзені бойына келіп сонда азды-көпті аялдаған соң күн батысты бетке алып Моңғолияны шығысынан батысына қарай еңдей өткен. Жолда олар Тула өзені бойында «кидандардың көне қаласын» басып өтіп өткені айтылған. Бұл қала Тула өзенінің бойындағы кидандар «Чжэнчжоу қаласы» деп атаған қала болуы мүмкін деген болжамдар бар. Аталған қала орны Моңғолияның Тоғла өзенінің бір тармағы болған Қалқа өзенінің төменгі бойындағы Чинтолгай (Chintolgoi) күйрендісі деп қаралады. Дегенмен Моңғол даласындағы қалалардың шоғыры сонау Ұйғыр қағанаты дәуірінен қалыптасқаны туралы нақты деректер көптеп кездеседі. Атал - ған қалалардың біразы X-XI ғасырлардан бастап осы өңірде хандық билік орнатқан керейлер мен наймандардың тарихымен тіке қатысты болып келеді. Сонымен олар «Кидандардың көне қаласынан» шығып Хангай тауының солтүстік бөктеріндегі Шыңғысханның қатындары тұрған ордаға барып жеткен. Сол жерде біраз күн аялдап, оңтүстік батысқа қарай тау арасындағы шатқалдардың бірімен жолға шығып тау асуынан асып түсіп батысқа қарай ағатын шағын өзенді бойлап сапар шеккені баяндалған. Бұл өзен Дзавхан өзенінің жоғары бойы болуы бек мүмкін. Автордың жазып қалдыруынша осы жерден сегіз күннен кейін Абухань тауы деп аталған таудан асып Чэнхай (Cinghai) қаласына жеткен. Бұл қаланың орны қазіргі Ховд аймағы аумағындағы Харус нуур көлі жағасында болған дегенде болжам бар³. Осы жерден тағы оңтүстік батысқа беттеп Алтай тауларын асып, Жоңғар даласын басып өтіп, Тянь-Шань тауының бөктеріндегі Бесбалыққа жетіп, одан тауды сағалап Талқы асуынан асып Алмалық қаласына жеткеннен кейін батысқа беттеп еліміз аумағына өткен. Одан соң Іле, Чу, Талас өзендерінен өтіп Құз-Орда, Сайрам және басқа бірқатар қалаларды басып өткен. Дәл осы маңнан тағы да оңтүстікке беттеген олар жол бойы сол кездегі ең әйгілі қалалардың барлығында болып, Амударияның арғы бетіне өткеннен кейін оңтүстік шығысқа жүріп Гиндукуш тауының солтүстік батыс беткейінде Шыңғыс қағанмен кездескен. Қайтар жолында моңғол қосындарымен бірге біраз жолды бірге басып

³ Қаланың орны туралы зерттеушілер ортақ пікірге келмеген [7, 57 б.] Бұған дейін қала орны Дөргөн нуур көлінің бойы деп қарап келген болатын [7, 484 б.].

Амудария мен Сырдариялардан өткеннен кейін, жеке сапар шегіп Шу, Іле өзендерін кешіп өтіп, Алмалық қаласына барған, одан әрі Алтай туының шығыс сілемдері арқылы Моңғолияға өтіп, одан әрі қарай келген жолымен Қытай жеріне аттанған. 1224 жылы шәкірттерімен бірге Янжің (Пекин) қаласына барып жеткен. Чанчунь Чжэньжэнь 1227 жылы сонда дүние салған еді. Бірақ ол бахилық болған кезде оның жасы Лю Чжунлу айтқандай 300 жаста емес 80 жаста ғана болған. Аталған екі еңбек XIII ғасырдағы Тянь-Шан тауының солтүстігі, Шу, Талас өзендерінен мен Амударияға дейінгі тұтас бір аймақтың тарихи географиясы туралы ең маңызды шығарма есептеледі.

Көрсетілген тарихи дәуірдегі еліміз тарихи географиясы туралы құнды мәліметтер берген тағы бір қытай авторы Лю Юй болатын. Ол Чан Дэ атты адамның 1259 жылы моңғолдың Ұлы ханы Мәңгі (Мөңкө) ханның жарлығы бойынша Қарақұрым қаласынан аттанып хан інісі Құлагу ханға кездесіп қайту үшін батысқа сапар шегіп, келесі жылы қыста Қарақұрымға қайтып оралған сапары кезінде көрген-білгендері негізінде «Си ши цзи» («西使记» яғни «Батысқа елшілік сапар естеліктері») атты саяхатнаманы жазып қалдырған [2, 74-81 бб.; 3, 238-250 бб.].

Еңбекте жазылуынша Чан Дэ өзінің айтулы сапарын Қарақұрымнан бастаған. Ол Алтайдың шығыс сілемдерінен асып Бұлғын, Үліңгір өзенін бойымен Үліңгір көліне дейін жүріп өткен⁴, осы жерден батысқа беттеп Тарбағатай тауының күнгей бетіне өтіп одан әрі оңтүстік батысқа жүріп Алмалық қаласына барған. Алмалықтан күн батысқа беттеп еліміз аумағына өтіп Тараз қаласына басып, Сайрам және Ташкент қалалары арқылы Иранның Тебриз шаһарына баратын өз сапарын жалғастырып отырған.

Сондай саяхатнамалық еңбектің келесі бірі 1220 жылы Орта Азия жеріне Шыңғысханмен мәмлеге келу мақсатында елшілік сапармен келіп қайтқан сапарында Қазақстан жерін басып өткен Цзинь (шүршіт) патшалығының елшісі Угусунь Чжундуаньнің көрген білгендері негізінде жазылды. Угу - сунь Чжундуань елшілік сапарын аяқтап қытайға барғаннан кейін өзінің сапар кезінде басып өткен жол бойында көргендерін Лю Ци есімді адамға баяндап берген. Лю Ци болса оны хатқа түсіріп «Бэй ши цзи» («北使记») яғни «Солтүстікке елшілік сапар естелігі») деген атпен жазып қалдырған [2, 68-73 бб.; 3, 231-236 бб.].

Жоғарыда ескертіп кеткеніміздей еліміз бен Орта Азия жерінің қала өркениеті туралы деректер қытайдың Тан дәуіріндегі біраз деректемелерден әйгілі болған еді. Моңғол дәуіріндегі саяхатшылардың басып өткен жолы Тан дәуіріндегі саяхатшылардың басып өткен бағыттан басқаша болғандықтан соңғысы алдыңғысының олқылықтарын толтырып берді. Атап айтар болсақ Тан дәуіріндегі саяхатшылар түгелімен Тянь-Шань тауының оңтүстік бөктеріндегі Тәкламәкәндағы көгалдарды бойлап Беделі асуы арқылы Ыстықкөл, Шу, Талас бағыты арқылы

⁴ Автор еңбегінде осы маңдағы өзенді Хунмунянь (昏木 犂) деп жазған. Бұл шамасы Құм мұрен (*Qum muren*) деген түркі-моңғол тіркесінің қытайша транскрипциясы болуы мүмкін. «Моңғолдың құпия шежіресінде» аталған өңірді *Qum-shingir* (Құмшыңғыр) деп жазып сол маңдағы өзенді *Urungu* (Ұрұңғу) деп көрсеткен [8, 182 б.]. Қазіргі қытайдың Алтай қазақтары «Моңғолдың Құпия шежіресі» қатарлы еңбектер «*Urungu*» деп жазған өзенді, сонымен бірге Юань дәуіріндегі және X II-XIX ғасырларға жататын бірқатар қытай деректері «Қызылбаш» деп жазған көлді де «Үліңгір» деп атап келеді. Жувеини өз еңбегінде Күйік ханның *Qum Söngir* деген жерде дүние салғанын айта келіп, ол жердің орнын «Үліңгір өзенінің жоғары бойындағы бір жер» [9, 261 б.] «Құпия шежіре» *Qumshingir* (Құмшыңғыр) атауының этимологиясы мен орны туралы зерттеу жүргізген П. Пелло бірде бұл сөзді «*Qumsengir*» деген көне түрік сөзі деп пайымдады. Келесі жерде ол оны өзен ретінде қарастырып қазіргі Бұлғын өзенінің көне атауы деп көрсеткен [10, 316 б.]; аталған жерді *Qum-Söngir* деп қарастырғандар қатарында Ж.Р. Гамильтон болды [11, 146 б.]. Соңғы кезде қытайдан табылған бір парақ құжатта бұл жердің аты кездеседі әрі онда да *qum s'ngir* (*Qum Söngir*) деп жазылған [126, 167-175 бб.]. Бұл енді түркі халықтарының өз қолымен жазған құжаты саналады. Құжат Пеллио пікірінің дұрыстығын тағы бір қырынан дәлелдей түседі.

жүріп өткен болатын. Сондықтан олар берген дерек негізінен осы өлке төңірегімен шектеліп қалып отырды, нәтижеде еліміздің басқа аумағы туралы мәлімет бере алған жоқ. Ал моңғол дәуіріндегі қытай саяхатшыларының дені әуелі Моңғолияға келіп ондағы империяның үлкен ордасына барып бас сұғып онан соң Алтай тауларының күңгей бетіне жеткеннен кейін кейбірі Жоңғарияны басып өтіп Бесбалық қаласынан батысқа беттеп Іле аңғарына жетсе, кейбірі Ертістің бойына келіп онан соң Тарбағатай мен Жоңғар Алатауын асып, Іле аңғарына келген. Онда жеткеннен кейін Іле Алатауын бөктерлеп Шу бойына өтіп одан ары сапар шеккен. Бұл бізге Алтайдан Алатауға дейінгі өлкенің аталған дәуірдегі тарихынан мәліметтер алуға біраз мүмкіндіктер тудырды. Осы орайда біз Қазақ даласынан Еміл, Болат, Алмалық, Ілебалық, Шымор және басқа нақты аты аталмаған қалалар туралы мағлұматтарға қол жеткіземіз. Алмалық қаласы, бұл қаланың негізі қашан қаланғаны әлі анықталған жоқ¹⁴. Аталған қала туралы алғашқы мәліметтер моңғол дәуіріне тура келеді. Қаланың келесі тарихи кезеңдегі тарихы туралы Рашид ад-диннің, Жувейнидің, Бабырдың кітаптарында, армян патшасы Гейтунның қолжазбасында, уіріндегі біраз деректемелерден әйгілі болған еді. Моңғол дәуіріндегі саяхатшылардың басып өткен жолы Тан дәуіріндегі саяхатшылардың басып өткен бағыттан басқаша болғандықтан соңғысы алдыңғысының олқылықтарын толтырып берді. Атап айтар болсақ Тан дәуіріндегі саяхатшылар түгелімен Тянь-Шань тауының оңтүстік бөктеріндегі Тәкламәкандағы көгалдарды бойлап Беделі асуы арқылы Ыстықкөл, Шу, Талас бағыты арқылы жүріп өткен болатын. Сондықтан олар берген дерек негізінен осы өлке төңірегімен шектеліп қалып отырды, нәтижеде еліміздің басқа аумағы туралы мәлімет бере алған жоқ. Ал моңғол дәуіріндегі қытай саяхатшыларының дені әуелі Моңғолияға келіп ондағы империяның үлкен ордасына барып бас сұғып онан соң Алтай тауларының күңгей бетіне жеткеннен кейін кейбірі Жоңғарияны басып өтіп Бесбалық қаласынан батысқа беттеп Іле аңғарына жетсе, кейбірі Ертістің бойына келіп онан соң Тарбағатай мен Жоңғар Алатауын асып, Іле аңғарына келген. Онда жеткеннен кейін Іле Алатауын бөктерлеп Шу бойына өтіп одан ары сапар шеккен. Бұл бізге Алтайдан Алатауға дейінгі өлкенің аталған дәуірдегі тарихынан мәліметтер алуға біраз мүмкіндіктер тудырды. Осы орайда біз Қазақ даласынан Еміл, Болат, Алмалық, Ілебалық, Шымор және басқа нақты аты аталмаған қалалар туралы мағлұматтарға қол жеткіземіз.

Алмалық қаласы, бұл қаланың негізі қашан қаланғаны әлі анықталған жоқ⁵. Аталған қала туралы алғашқы мәліметтер моңғол дәуіріне тура келеді. Қаланың келесі тарихи кезеңдегі тарихы туралы Рашид ад-диннің, Жувейнидің, Бабырдың кітаптарында, армян патшасы Гейтунның қолжазбасында, Алмалықтың өзінен шыққан тарихшы-ғалым Жамал Қаршидің «Мүлхакат әл-сурах» атты еңбегінде, М.Х.Дулатидың әйгілі еңбегінде аса мол мағлұматтар кездеседі. Қала тарихына қатысты бізге белгілі ең алғашқы мәлімет бойынша аталған қаланы моңғол жорығына дейін қарлұқ тайпасының билеушісі Озар Тұғырыл хан атты ханның билегені және оны Шыңғысханға тізе бүккені үшін найман ханзадасы Күшіліктің қолынан мерт болғаны туралы уақиға болады.

Көне Алмалықтың орны туралы қазірге дейін айтылып келген бірнеше түрлі пікір бар. Соның ішінде қытай археологы Хуан Вэнбидің пікірі басшылыққа алынып келеді. Бұл бойынша қаланың көне орны ҚХР-ғы ШҰАР Іле Қазақ автономиялы облысына қарасты Қорғас қаласынан шығысқа қарай 13 шақырым жерде болған. Сол маңда Алтай атты көне қала ескі қирандысы

⁵ Алмалық қаласының аты көрсетілген дәуірдегі түрлі әдебиеттерде әр басқа жазылған. Соның ішінде Елюй Чұцайдың «Си ю лун» («Батысқа саяхат естеліктерің») мен Ли Чжичанның «Чанчунь Чжэньжэнь си ю цзин» («Чанчунь Чжэньжэньның батыс елдеріндегі саяхатнамасың») шығармаларында Алима (阿里马); Лю Юйдің «Си ши цзин» («Батысқа елшілік сапар естеліктерің») атты сахатнамалық еңбегінде Алимали (阿里麻里); «Юаньшиң» кітабында Алимали (阿里麻里) және Алимали (阿力麻里) т.б. болып келеді.

және Тоғылық Темір ханның кесенесі бар. Өткен ғасырдың екінші жартысында тың игеру шаралары кезінде Тоғылық Темір хан кесенесі тұрған шағын аймақты ғана сақтап, қала жұртының қалған бөлігін тегістеп егістікке айналдырған. Қала жұртынан табылған негізгі олжалар негізінен Қара қытай хандығы мен моңғол дәуіріндегі дүниелер болып келеді [284-291 бб.].

Алмалық қаласы туралы Елюй Чуцай өз саяхатнамасында: Иньшань тауының күнгей бетіне жеткеннен кейін ары қарай көп ұзамай Алмалық қаласына бардық.... Ал бұл қаланың айналасы түгелдей алма бақтары көрінеді. Қаланың атын осыған орай «Алмалық» деп қойса керек. Қала маңында шағын кенттерден ұзын саны сегіз, тоғыз кент бар. Ол жерде жүзім, алмұрт, алма сияқты жеміс-жидектер мен әр түрлі дәнді дақылдар егіледі. Қысқасы, Чжунюань (Орталық Қытай даласы) жерінде өндірілетін жеміс-жидектер мен дәнді дақылдардың барлық түрі бұл жерде де бар деп жазып Алмалық қаласының сол кездегі даму деңгейі мен осы аймақтың қоғамдық шаруашылық даму деңгейін білдіретін хабар береді [3, 180 б.].

Алмалық туралы Чанчун Чжэньжэнь еңбегінде де жанжақты мәліметтер берілген. Ол: Келесі күні біз тағы бір күн жол жүріп Алмалық қаласына бардық. Бұл қыркүйектің 27 жұлдызы еді деп жазды. Чанчун Чжэньжэнь бұл қаланың кескін келбеті мен тағы басқа жағдайы туралы тоқталған тұста: Қаланың мұсылман ваны мен моңғол даруғашы көптеген ру-тайпалардың атқа мінерлерін ертіп, бізді қарсы ала шықты. Сол жердің жергілікті тұрғындарының тілінде бұл қаланың аты «Алма қаласы» деген сөз көрінеді, қала атының бұлайша қойылуына осы өңірдегі алманың көптігі себеп болған. Бұл жерде толма деп аталатын мата тоқылады. Мата жерге егілетін қой жүнінен тоқылады, оны тоқу әдісі шекпен тоқудың жолымен ұқсас келеді. Одан негізінде қыстық киімдер тігіледі. Бұл жүннің түрі қытай жеріндегі люхуа ағашының басына шығатын мамыққа ұқсас кіршіксіз аппак әрі жұмсақ болады. Одан жуан арқан есуге де, жіңішкелеп жіп иіріп мата тоқуға да болады. Бұл жердің диқандары да суармалы егіншілікпен айналысады [3, 203 б.].

Алмалық қаласының орны, даму келбеті мен тұрмыс-тіршілігіне Лю Юй аз-кем тоқтала отырып: Болат қаласынан оңтүстік жаққа қарай жүргенде Темірчанча аталатын өткел бар. Біз осы өткелден өткеннен кейін Алмалық қаласына бардық. Қала ішіндегі көшені бойлай қазылған арықтардан су ағып жатады екен. Онда жеміс-жидектердің барлық түрі бар, соның ішінде қауын-қарбыздар мен анар секілді жемістер тіпті дәмді көрінді [3, 238 б.] деп жазып қалдырған.

Болат қаласы. Бұл қаланың аты айтулы кезеңдегі түрлі деректердің біразында кездеседі. Қытай деректері оны Була, Боло және Пула деп әртүрлі етіп жазып қалдырған⁶. Плано Карпини еңбегінде қаланың атын «Болат» деп жазған. Гейтун еңбегінде қаланың атын «Полат» деп көрсеткен. Жувейни ол қаланың атын Фулад (Пулад) деп жазып, Алмалық (Almaligh), Қаялық (Qayaligh) қалалары сияқты қарлық (Qarluq) Арстан ханға (Arslan-Khan) қарасты болғанын атап кеткен [9, 74- 75 бб.]. Қазіргі кезде қытай әдебиеттерінде кездесетін Була, Боло және Пула дегендердің барлығы түркі тіліндегі «Болат» деген сөздің өзі, немесе парсы тілінің ықпалына түскен «Полат» деген сөздің әртүрлі транскрипциясы деген пікір орныққан.

Қаланың орны қазіргі ҚХР ШҰАА Бұратала қаласы аумағындағы Далда деп аталатын көне қиранды жатқан жерде болған.

Елюй Чуцай өз саяхатнамасында Тянь-Шань тауларының солтүстік бөктерінен мәлімет бере отырып: Ханьхайцзюньнен батысқа қарай мың лиден астам жол жүргеннен кейін Була қаласына

⁶ Соның ішінде Елюй Чуцайдың «Си ю лун» («Батысқа саяхат естеліктері») атты шыңармасында Була (不剌), Лю Юйдің «Си ши цзи» («Батысқа елшілік сапар естеліктері») атты саяхатнамалық еңбегінде Боло (孛罗) болып жазылған. «Юаньши» кітабы «Батыс солтүстіктің тарихи географиясына қосымша» атты тарауларында (普剌), сол еңбектің «Елюй Силянның өмірбаяны» атты келесі тарауында Була (布剌) деп жазған.

бардық деп жазады [3, 180 б]. Өз сапары кезінде аталған қалада болып, өз көзімен көрген Елюй Чуцай: Қаланың айналасында төрт-бес қала-кенттер мен елді мекендер шоғыры бар деп сипаттайды [3, 180 б]. Бұл дерек бізге Болат қаласын айдаладағы жалғыз қала ретінде емес, төрт төңірегі отырықшы елді мекендермен қоршалған үлкен отырықшы өркениет ошақтарының бірі ретінде елестетеді.

Келесі қытай авторы ЛюЮй бұл қаланың атын «Боло» деп жаза отырып: Емань (Еміл) қаласынан «ары оңтүстік батыс жаққа қарай жүргенде Боло қаласы бар» деп түсіндірген. Лю Юй одан ары «Қаланың солтүстік жағында теңіз бар. Айтуынша Темір таудан азынай соғатын күшті дауыл арлыберлі өткен жолаушыларды ұшырып осы теңізге түсіріп кетеді деседі» деп жазады [3, 238 б].

Бұл жерде сөз болып отырған қаланың солтүстігіндегі те - ңіз Алакөл немесе қазірде суы тартылып орны ғана қалған Ебінор көлі болуға тиіс. Мұнда автор қытайша «Тешань (铁山)», яғни Темір тау деп жазған қатты дауыл соғатын тау туралы мәлімет назар аударады. Осы орайда Болат қаласының маңындағы таулар өз кезінде «Темір тау» немесе «Болат тау» деп аталған ба деген сауал да туындайды. Қалай дегенмен жергілікті моңғолдар сол аймақты Боротала (Borotala) деп атап келеді. Ең қызығы 1991 жылы Чжау Жэцай есімді шаруа көне қала қорғанынан 121 кг келетін болат қортпасын қазып алған. Бұл олжа қалада өз заманында сапалы болат өндіру дамығанын тағы да дәлелдеп береді әрі қаланың әуелгі аты «Болат» деп аталған деген болжамды шындыққа асыра түскендей болды. Ал, 2016 жылы аталған қаланың ескі жұрты саналатын Далда қала жұртынан Шағатай әулеті дәуіріне соғылған мыс теңгелер табылды, мұндай мыс теңгелердің саны 1700 талдан асады. Теңгелер Орта азиядағы көне теңге соғу әдісімен жасалған, бірінші бетіне араб жазуымен жазылған жазулар, өрнектер нақышталған, теңгелердің көбінің екінші бетіне «Болатта соғылды» деген сөз жазылып отырған. Бұл Лю Юй жазып кеткен: Болат қаласынан батысқа қарайғы аймақтардың барлығы алтын, күміс, мыс сияқты бағалы металдардан ақша жасайды, метал теңгелердің бетіне жазу жазылады, бірақ, ортасынан тесік теспейді деп жазған мәліметпен сайма-сай келеді [3, 239 б.].

Плано Карпини өз саяхаты кезінде ол қалаға баруға жолы түспеген. Солай дегенмен ол өз еңбегінде қаланың атын Болат (Bolat) деп жазып көрсеткен әрі өзі сөз етіп отырған моңғолдардың қолына түскен неміс тұтқындарының алтын қазуға және қару жарақ жасауға сол қалаға жіберілгенін хабарлаған [14, 126 б.]. Осынау қысқа мәліметтің өзі аталған кезеңде қаланың қару-жарақ өндіретін аса маңызды қаланың бірі болғанын көрсетеді.

Болат қаласы да Шыңғысхан жорығына дейін қарлықтардың басқаруында болған. Ол Қаялық (Қойлық), ИкиОкуз, Алмалық, Ілебалық, Еміл қалаларымен бір дәуірде бой көтеріп, бір деңгейде дамыған қала болды.

Еміл қаласы. Моңғол дәуіріндегі әр ел деректерінде аты жиі аталатын келесі бір қала Еміл болды. Бұл қаланың аты бір емес бірнеше еңбекте кездеседі. Соның ішінде бір ғана «Юаншы» кітабның әр түрлі тарауларында Еміл аты әр түрлі болып хатталған. Еңбектің «Сян цзун патшаның өмірбаяны» деп аталатын бөлімінде қала аты Еманьли (叶漫立), «Елюй Силянның өмірбаяны» атты тарауында Емили (叶密里), «Тарихи география, Батыс солтүстік географисы туралы қосымша» атты тарауда Емиши (叶迷失) деп көрсетілген. Бұл атаулардың барлығы бір ғана Еміл атауы - ның әртүрлі жазылуы ретінде қаралады. Еміл қаласының орны қазіргі КХР Дөрбілжін ауданы аумағында болған [15, 556 б.].

Лю Юй өзінің «Си ши цзи» атты еңбегінде қаланың атын Еман қаласы (业满城) деп көрсетіп, қаланың орны туралы азды-көпті мәліметтер берген. Чан Дэ өзінің бұл жолғы Моңғолиядан батысқа бағыттаған сапарында Алтай тауының шығыс сілеміндегі бөлігінен оңтүстікке асып Бұлғын, Үліңгір өзенін бойлап Үліңгір көліне (Қызылбаш көлі) жеткен.

Еңбектің қажетті тұсында саяхатнама авторы осы Үліңгірден «батыс жаққа қарай жүргенде Емань атты қала бар» деген қысқа мәлімет келтірген [3, 238 б.].

Өз кезегінде Еміл қаласының тарихы туралы нақты деректер берген автор Жувеини болды. Ол бұл қаланың атын «Еміл» деп көрсете келіп, қаланы қарақытайлар тұрғызған деген мәлімет берген. Ол Қара қытай билеушісі Гүрханның Енесей тараптағы Қырғыз жерінен аттанып, Емілге келіп жеткенін баяндай отырып: «Сол жерде жұрты қазірге дейін жатқан қаланы тұрғызды» [9, 355 б.] деп жазып қалдырған.

Жувайни бұл жерде көптеген түркілер мен олардың тайпалары Гүрханның маңына топтасты. Сонымен олардың саны бірден 40 мың түтінге жетті. Бірақ олар мұндада тұра алмады, сөйтіп олар жалғасты сапар шегіп, қазіргі кезде моңғолдар Құз-балық (Ghuz-Baligh) деп атай бастаған Баласағұнға келді деп жазады [9, 355 б.]. Мұндағы Еміл қаласын тарихи еңбек көрсеткендей Қара қытай Гүр ханы тұрғызды ма болмаса, осы жердің байырғы түркі тайпалары Қарақытайлар келгенге дейін тұрғызылды ма, бұл жағын қолда бар материалдарға сүйеніп дәлелдеу қиын. Елюй Даши бұл аймаққа 1130 жылы аяқ басты. Тарихшылар бұл туралы қатысты деректер берген бір-біріне қарама-қайшы деректерге бірқатар зерттеу жүргізді әрі Елюй Даши 1132 жылы Еміл қаласын тұрғызып сонда Гүрхан атанды, шамалы уақыттан кейін, яғни 1134 жылы Баласағұн қаласына қоныс аударып, сол жерде Ілік Түркман аталды деп қарайды [16, 40 б.; 52 б.]. Бұл бойынша қарақытай билеушісі Емілде тым қысқа ғана мерзімге тұрақтап тұрған.

Келесі тарихи кезеңде бұл аймақ Қарақытай мемлекетінің ықпалында болып келді. Дегенмен уақыт өте келе Қарақытай билігінің әлсіреуіне және Найман хандығының күшеюіне қатысты найман шекарасы осы аймаққа қарай жылжи түскені белгілі. Бұл жағы XII ғасырдың соңы мен XIII ғасырдың бастапқы жылдарында тіптем нақтылана түсті. Моңғол жорығынан кейін Шыңғысхан Еміл мен Қобықты Үгедей ханның еншісіне береді. Үгедей ханның хан ордасы әуелде осы жерде болған. Парсы тарихшысы бұл туралы: Үгедей ханзаданың ұлыс астанасы оның әкесінің көзі тірісінде Еміл мен Қобақ (Қобық) өңіріндегі қоныстарда болды. Бірақ ол өзі таққа отырғаннан кейін астанасын қытай мен ұйғыр жері аралығындағы өз ата қонысына көшіріп кетті. Өзінің басқа иеліктерін ұлы Күйіктің иелігіне қалдырды. ...» деп көрсеткен[9, 43 б.].

Емил қаласы туралы мәлімет мұсылман деректерінде де кездеседі.

Қазіргі кезде аймақтағы өзен өзінің көне аты бойынша Еміл деп аталады. Дегенмен Жоңғар хандығы дәуірінде онда Жоңғар билеушілерінің қамалы және лама храмы болған. Моңғолдар қай заманнан бері сондағы төртбұрышты келген көне қала қорғанына қарап ол жерді «Дөрбілжін» деп атаған, кейін келе бұл атау сол ауданның атына айналған. Қазіргі кезде аудан халқының негізгі тұрғындарын құрайтын қазақтар да солай деп атап келеді. Бірақ, қытайлар Еміл өзенінің атауына негізделіп аудан атын «Эминь сянь (额敏县)» деп атауды жолға қойған.

Чи му эр қаласы. Бұл қаланың көне аты Шымор немесе Чымор болуы ықтимал. Аталған қала туралы қысқа мәліметті Лю Юй еңбегінде жазып қалдырды. Ол бұл қаланың орны Алмалық қаласының оңтүстік жағында орналасқанын көрсете отырып, қаланың атын «Чи му эр (赤木儿)» деп жазып кеткен. Ван Говэй қатарлы қытайлық ғалымдар бұл қаланы «Ханьшу» («Хан патшалығының тарихы») сияқты қытайдың көне шығармаларында айтылатын Усундердің астаналық қаласы «Чигу» қаласы ретінде қарап, оның орнын Текес өзені бойынан іздеген [3, 245 б.]. Қазіргі кезде қытай архелог ғалымдары бұл қаланың орнын Мұқыр күйрендісі деп пайымдап келеді. Бұл жердің орны ҚХР Қорғас ауданына қарасты Шүйдің кентінің солтүстік батысқа қарай жеті жарым шақырым жерде болған [17, 38-39 бб]. Жергілікті тұрғындар ол жерді Почэнцзы (жаман қала) деп атап кеткен. Көне қала жұртынан алтын теңгелер

табылғандықтан жерлік ұйғырлар «Алтүнлүк» деп те атайтын болған. Қиранды туралы ең ерте мәлімет берген ХІХ ғасырдың бірінші жартысында осы өңірде лауазымды міндет атқарған кейін келе әйгілі еңбектер жазып қалдырған қытай географы Суй Сун болды. Оның жазып қалдыруы бойынша Іленің бір тармағы болған Қарасу өзенін бір кезде Сүйдин өзені деп атайтын болған. Бұл өзенді Мұқыр (Мохэ) деп те атайтын болған. Мұқыр көне Чимуэр қаласының қасынан ағып өтетіндіктен, бұл қала «Мұқыр қаласы» деп те аталған [18, 247-248 бб.] делінеді. Өткен ғасырдың 30 жылдары аталған қалада болған қытай археологі Хуан Инби күйрендіде қазба жұмыстарын жүргізген кезде Алмалықтан табылған олжалармен бір санатқа жататын арабша ажзуы бар ақыт моншақтар, алтын теңгелер мен қыш ыдыстарды тапқан. Ол мұндай олжалардың уақытын ХІІІ ғасырға жатқыза отырып аталған қаланы VIII-XIII ғасырда өмір сүрген деп қорытынды шығарған [13, 76 б.]. Солай дегенмен Чиму эр (Чымор) қаласының орны туралы соңғы шешім әлі шыққан жоқ. Алмалық маңындағы қалалар туралы ХІІІ ғасыр қытай саяхатшылары еңбегінде қала маңында ұзын саны сегіз-тоғыз қосымша қалалардың болғанын жазғаны белгілі [3, 180 б.]. Міне осы мәліметке қарап көне қала жұртының қазіргі Мұқыр күйрендісі екеніне күмән келтіруге де болады.

Ілебалық. Аталған қытай деректерінде аты аталған келесі бір қала Ілебалық қаласы еді. Бұл қала туралы мәлімет Лю Цидің «Бэй ши цзи» атты еңбегінде бар. Айтулы еңбекте «Одан ары қарай неше он мың ли жол жүргеннен кейін Хуэйхэ мемлекетінің Или қаласына жеттік. Ол қала Хуэйхэлар-дың ордасы екен. Біз бұл араға жеткен кезде мамыр айының басы болып қалған еді» деп жазады [3, 233 б.]. Саяхатнамада сөз болып отырған «Или қаласы (益离城//Или чэн)» Іленің бойындағы байырғы қала екеніне талас жоқ, ол қала кезінде «Ілебалық» деп аталған. «Юаньши» («юань патшалығының тарихы») кітабының тарихи география тарауында «Илабали (亦刺八里)» деп жазан, қаланың қазіргі орны қайда болғаны туралы соңғы шешім шыққан жоқ. Қытай ғалымдары қала-ның орны қазіргі Құлжа қаласы маңында, Іленің сол жаға-лауында болған деп қарастырып келеді [15, 568 б.]. Еліміз ғалымы К.М. Байпаков: «Илибалык, что находится непа-долеку от саверменнего г. Жаркента в с. Коктал» деп тұжы-рымдайды [19, 139 б.].

Құз-Орда қаласы. «Ұлы Жібек жолының» бойындағы көне қалалардың бірі ретінде тарихи шығармалар мазмұны-на көп арқау болған қаланың бірі осы Құзорда қаласы бол-ды. Айтулы қала қатысты еңбектерде бұрынғы Баласағұн қаласы ретінде көрсетіледі [9, 355 б.]. Ол туралы жоғарыдағы авторлардың барлығы мәлімдеген. Соның ішінде Елюй Чуцай моңғол жорықтан соң 1227 жылы хатқа түсірген «Батысқа саяхат естелігінде»: [Алмалықтан] «батысқа қарай жүргенде Иле деген үлкен дария бар. Дарияның батыс жа-ғында Хусыволудо деп аталатын қала бар. Бұл қала бұрын батыс Ляо мемлекетінің астанасы болатын. Қаланың айна-ласында неше ондаған қалалар мен кенттер орналасқан» деп жазған [3, 180 б.].

Бұл аймақ туралы Чанчун Чжэньжэнь де аса құнды де-рек ұсынады, ол: «Бұл өлкенің жер жағдайы, табиғаты мен ауарайы Алтайдың арғы бетіндегі аймақтардан мүлдем басқаша болып келеді. Жер бедері көбінесе жазық болады. Халқы, негізінен, егіншілікті кәсіп етеді. Жүзім шараптарын ашытады, өсіретін жеміс-жидектері негізінен Чжунгода өсірілетін жемістермен бірдей болады. Чжунгодан өзгеше жері ретінде, бұл жерлерде жаз және күз айларында жауын-шашынның тапшылығы себепті егіс алқаптарын өзен суларымен суарып отыратындығын айтуға болады. Бұл өңірдің оң жағы тау, сол жағы өзенмен қоршалған ұлан асыр кең дала» [3, 204 б.].

Лю Юйдің жазғандарына қарағанда Шудың ұзына бойында жатқан тұтас аймақ соғыс зардаптарынан қатты зиян шеккен, ондағы қалалар мүлде күйреп қалған. Бұл оның 1259 жылдарғы көріністері еді. Ол өз еңбегінде: «Ақпанның 24 жұлдызында екі таудың ортасынан өткеннен кейін, кең жазыққа іліндік, мұнда халық өте тығыз қоныстанған көрінеді, біз сапар үстінде бұл маңнан егістік жерлерді, айқыш-ұйқыш қазылған арықтар мен тоғандарды, күл-

талқаны шығып күйреп жатқан ескі қалалардың қирандысын жиі кездестіре бастадық. Ондағы жергілікті тұрғындардан сұрағанымызда, олар бұл жер бұрынғы қидандардың ескі жұрты екендігін айтты» деп жазған [3, 239 б.].

Тараз. Тараз қаласы туралы XIII ғасыр саяхатшылары арнаулы мәліметтер берген. Лю Юй саяхатнамасында қаланың атын «Таласы(塔刺寺)» деп жазып аталған қаладан 2-айдың 28 күні басып өткенін жазған. Келесі саяхатшы Елюй Чуцай айтулы қаланың атын «Таласы (塔刺思)» деп көрсеткен. Ол бұл қалаған Құз-Орда қаласынан шыққаннан кейін жеткенін жазған. Елюй Чуцай Тараз қаласы туралы: Одан (Құзордадан) батысқа қарай жүргенде неше жүз ли жерде Таласы қаласы бар. Осы қаладан оңтүстік-батысқа қарай неше жүз ли жол жүргеннен кейінгі әрі қарайғы жолда Ходжент, Бапу (Пап), Кэсан (Касан), Бадам деген қалалар бар. Ходжент қаласында анар жемісі көп өседі, ол жердің анары әрі үлкен әрі дәмді келеді деген мәліметтер келтіреді [3, 180 б.].

Сайрам. Саяхатнамаларда Сайрам қаласы туралы мардымды мәлімет кездеспейді. Мұнда Лю Юй «Айдың 28 жұлдызында біз Тараздан өттік» десе Наурыздың Бірінші күні Сайрам қаласына жеттік деп ғана жазады. Ол тағы «Ондағы Будда храмына хуйхэлэр барып тәуіп етіп тұратын көрінеді» [3, 239 б.] дегенді ескере кеткен. Чанчун Чжэньжэнь өз сапарында Сайрам қаласына барар жолда да, қайтар жолда да соққанын айтады, онда ол: Қазанның 8 жұлдызында біз тауды бөктерлеп батысқа қарай сапарымызды жалғастыра бердік. Сапардың 7, 8-ші күндері шамасында тау оңтүстік жаққа таман мүйістеліп кетті. Біз бір тас қаланың үстінен түстік, қала түгелімен қызыл тастан соғылыпты. Мұнда кезінде қалың қол тұрғаны көрініп тұр, қаланың батыс жағында самаладай тізілген қалың мазар тұр. Сол жерде біз тас көпірден өтіп, оңтүстік-батыс жаққа қарай созылып жатқан тауды бөктерлеп жалғасты жол тарттық. Бесінші күн дегенде Сайрам қаласына жеттік. Қала ортасында бір шағын мұнара тұр» [3, 204 б.] деп жазып қалдырған. Жорықты аяқтап шығысқа қайтар жолында ол: «Арада үш күн өткеннен кейін біз Сайрам атты үлкен шаһардың оңтүстік шығыс жағына келіп жеттік. Біз келіп түскен тауда жылан қалың болады екен. Жерлік халықтар ол жерден ұзындығы екі чи [66 см] келетін екі басты жыландарды кездестіріп тұратындығын айтады деп жазды [3, 223 б.]. Бұл деректерге негізделгенде Сайрам қаласы Тараздан Ташкентке баратын керуен жолдың бойындағы аса ірі қала болған.

Отырар. Әйгілі Отырар қаласы туралы «Юаньши» кітабының бір қатар тарауларында мәліметтер кездеседі. Бірақ қала аты туралы бір ізділік сақталмаған⁷.

Отырар қаласы туралы мәліметті бізге Елюй Чуцай берді. Автор бұл қала туралы: Ходжент қаласының солтүстік батыс жағында 500 ли жерде Отырар [Эдала] қаласы бар, қаланың айналасында елді мекендер мен шағын кенттерден оншақтысы бар деп мәлімдейді [3, 180 б.]. Одан ары автор аталған қала әмірінің моңғол елшілері мен саудагерлерін өлтіруі және соған байланысты соғыс туғанын жазған. Жоғарыдағы деректер бізге аталған дәуірде Алтайдан Алатауға дейінгі аралықтағы Ұлы далада қала мәдениеті мен отырықшы егіншілік өркениеті жоғары деңгейде дамушылықта болғанын көрсете алады. Белгілі болғанындай Еміл, Боло, Алмалық, Баласағұн, Тараз, Сайрам, Отырар қа - лаларының ортақ ерекшеліктері – олардың айналасында қосымша қалалар мен елді мекендер шоғыры өте көп бол - ған. Саяхатшылар аталған қалалардың маңында ең кемінде төрт-бес қосалқы қала-кенттер мен елді мекендердің болғанын хабарлап отырады әрі осы жерлерде түрлі егіс дақылдарының егілетіндігін қағыс қалдырмай баяндап береді. Атап көрсетер болсақ Лю Юй өз еңбегінің Болат қаласы туралы берген мәліметінде ол жерде бидай, күріш сияқты дақылдар егілетіндігін жазады. Түрлі дәнді

⁷ Қытайша еңбектерде Хусыволудо (虎司窩魯多 — Құзорда, яғни Баласағұн қаласы) бірнеше түрлі жазылған. Бұл Құз-Ордұ. Ұқсас қаланың аты «Құз-Балық» түрінде кездеседі.

дақылдардан тыс жеміс-жидектер өсіруді негіз еткен бағбаншылық істерінің аса жоғары деңгейде болғанына жиі тоқталып нақтылап айтып өтеді. Бұдан тыс мақта өндіру мен оны мәнерлеп түрлі тоқыма өнімдерін өндіру сол кездің өзінде кең етек жайғаны да жазылады. Қытай авторының мақта туралы бірде «Жерге егілетін қой жүні» деп сипаттап, енді бірде оны қытай жеріндегі «Люхуа ағашының мамығына ұқсатуы» [3, 203 б.] мақта өндірудің ол елге әлі жете қоймағынанан мәлімет береді.

Жер өңдеуге байланысты қытай авторларын таң қалдырған тағы бір дүние Қазақ жеріндегі, соның ішінде Жетісу өңірінде кең таралған суармалы егіншілік болды. Бұл туралы аталған авторлар суармалы егістіктің дамуын олардың жер өңдеу өнерінің жоғары деңгейде дамуының нышаны ретінде емес, бұл аймақта «көктем және жаз айларындағы жауыншашын мөлшерінің аз болуымен байланысты болды» деп түсіндірген. Соған қарамастан саяхатшылар бұл өлкенің жер өңдеу өнерін лайықты деңгейде бағалай отырып егіс дақылдары мен жеміс-жидектерінің түрі және басқа жақтарынан «Чжунгомен (қытаймен) бір деңгейде» екен деп жиі қайталап отырады. Бұл бізге аталған дәуірде еліміздің оңтүстік аймақтары мен оңтүстік-шығыс аймақтарындағы жер өңдеу, егіншілік істерінің жоғары даму деңгейінде болғанын анықтап береді.

Аталған дәуірдегі Қазақстан жеріндегі қалалардың ерекшелігін, даму болымысын, кескін-келбетін осы қалалар туралы мәліметтердің кез келгені нақты түрде айшықтап көрсетіп бере алады. Мысалы Болат қаласының кескін келбеті тура - лы Лю Юй: «Бұл қаланың құрылысы жөнінде айтсақ, тұрғын үйлер мен шеберхана дүкендері, мал қоралары мен баубақшалар аралас салынған. Балшықтан тұрғызылған үйжайлардың есік терезелеріне түгелдей әйнек салынған» деп жазады [3, 238 б.]. Бұл деректен біз қалада қолөнер кәсіптің даму деңгейін жете танимыз. Қала құрылысындағы есік-терезенің әйнектен салынуы қалада әйнек өндіретін өндіріс ошақтарының болғанынан хабардар етеді. Осынау мәліметке негізделе отырып әйнек өндіру техникасы бұған дейін Қазақ даласында кең етек алып, даланың қиыр шеткі аймақтарына дейін етек алып XIII ғасырда Жоңғар қақпасынан ары шығысқа қарай тарала бастаған деудің реті келеді.

Біз аталған саяхатнамалар берген мәліметтерге негізделе отырып Жоңғар қақпасы маңындағы Болат қаласынан бастап Орта Азияның қала өркениетінің інжу-маржаны саналатын Самарқанд қаласының даму деңгейінде көптеген ортақтықтардың сақталып отырғанын атай аламыз. Мысалы Лю Юй: Болат қаласынан батысқа қарайғы аймақтардың барлығы алтын, күміс, мыс сияқты бағалы металдардан ақша жасайды, метал теңгелердің бетіне жазу жазылады, бірақ, ортасынан тесік теспейді деп жазады [3, 239 б.]. Мұнда автордың бұлайша ортасында тесігі болмайды деп ерекше ескертуінің өзіндік себебі бар еді. Қытайда қалыптасқан дәстүр бойынша мұндай метал ақшалардың ортасынан төрт бұрыштап тесік тесілетін болған.

Еліміз аумағындағы қала өркениетінің мұндай даму деңгейін Елюй Чуцайдің Самарқанд туралы берген мәліметі арқылы тануға да болады. Автор: Отырар қаласынан батысқа қарай мың ли жерде Сюньсыгань [Самарқанд] атты үлкен қала бар... Сюньсыгань қаласы ерекше бай қала, онда ақша тек алтын мен мыстан ғана соғылады, теңгелерінің ортасында тесігі болмайды. Ол жерде барлық заттың нарқы ақша арқылы бағаланады. Қаланың айналасы ондаған ли жерге дейін бау-бақшалармен көмкеріліп жатады. Әрбір үйдің ауласы түгелдей бау-бақшалы болып, жанға жұмақ ай жәйлі келеді, ондағы бақшалар мен тұрғындар ауласына бір бірімен тұтасып жатқан тоғандар арқылы су жіберіледі. Төрт бұрыштап жасалған көлшіктер мен айнадай жарқыраған көлдер жиі кездеседі. Саялы тал-теректер мен мәуелеп жеміс беріп тұрған шабдалы, нәшпұт сияқты жеміс ағаштарынан күннің көзі көрінбейді. Адамдар жер ұйығы деп сірә осындай жерді айтатын болар! Ол жердің қауындарының үлкендігі аттың басындай болады Бұл жерден сегіз түрлі дақылдың ішінде сөк, жабысқақ күріш, соя бұршақ қатарлы дақылдарды ғана кездестірген жоқпыз, бұдан басқа дақылдардың түр-түрі онда түгелімен бар екен. Онда жаз

айлары жауын-шашын көп болмайтындықтан ондағы егінжайлар арнаулы қазылған тоғандар арқылы жіберілген өзен суымен суарылады. Жүзімнен ерекше сапалы жүзім шараптары жасалады. Тұт ағаштарында жібек құрты өсіріледі, әйткенмен оны керекке жарататын арнаулы шеберлердің аздығынан жібек құртын бағу оңайға түсе бермейтін сияқты. Сондықтан да болар, ол жердің тұрғындары негізінен алғанда мақтадан тоқылған мата киімдер киеді деп жазған [3, 181 б.].

Бұл деректі жоғарыда көрсетілген Болат қаласы мен Алмалық қаласы туралы мәліметтермен салыстырып мәселенің мән-жайын толық ұғып біле аламыз. Елюй Чуцай одан ары тағы: Самарқанд қаласының батыс жағында 600-700 ли жерде Пухуа [Бұқара] қаласы бар, ол ел тіптен бай, онда қала-кенттердің саны да көп. Самарқанд қаласы мұсылман султанатының астанасы болғандықтан, жоғарыда аталған Бұқара, Ходжент, Отырар қатарлы қалалардың барлығы соған бағынышты болған деп мәлімдейді [3, 181 б.]. Біз XIII ғасырлардағы қытай авторлары берген мәліметтермен танысу кезінде қазақ даласынан Еміл, Була, Алмалық, Ілебалық, Шымор, Баласағұн, Отырар, Сайран, Тараз, т.б. қалаларды туралы мәліметтер аламыз. Бұл тек аты аталғандары ғана. Немесе аталған авторлар басып өткен қалалардың елеулілері. Сондықтан, Қазақ даласындағы осы дәуірдегі қалалары осындағы аталған қалалармен ғана шектеліп қалған емес. Бұдан басқа аты аталмай қалған қаншама қалалар болған. Бұл туралы Чанчунь Чжэньжэнь Алмалықтан батысқа қарайғы басып өткен жолын былайша сипаттап жазды: Осы жерден батысқа қарай тағы төрт күн жүргенде Даласуморан [Іле] деген өзенге жеттік. ... Қазанның екінші жұлдызында біз өзеннен қайықпен өттік. Оңтүстік жаққа қарай беттеп тағы бір таудың бөктеріне жеттік. Осы жерде біз таудың теріскей жақ бөктеріне орналасқан шағын қалашықты басып өттік. Одан әрі тағы бес күн жүргеннен кейін елші қазіретке барар жерге таяп қалғанын айтты... Күн батыс тарапқа қарай тағы бір жұма жүргеннен кейін біз оңтүстік-батыс жағымыздан кездескен тағы бір таудан әрі қарай астық. ... Ертеңінде біз жылжып хуэйхэлдердің шағын кентіне келіп тоқтадық. ... қазан айының 16 жұлдызында біз оңтүстік-батыс тарапқа қарай беттеп барып, өзенге салынған ағаш көпірден өттік. Кешке қарай оңтүстік жақтағы таудың бөктеріне келіп жеттік. Бұл жер Даши Линья ордасы болған екен [3, 204 б.]. Автор көрсеткен шағын қаланың орнын Қорғас өткелінен батысқа қарайғы төрт күндік жердегі Іленің оң жағалауынан іздеуге тура келеді. Саяхатнамада көрсетілуінше олар осы жерден күн батысқа қарай 12 күн жол жүргеннен кейін оңтүстік батыс жақтан кездескен тау асуынан асқан. Бұл асу – Қастек асуы деуге тура келеді. «Қастек асуы Іле өңірін Ыстық көл қазан шұңқыры және Шу өңірімен жалғастырып тұрған»; Сөйтіп, «Қастек асуы ежелден Шу мен Іле өңірлерінің байланысына қызмет еткен» [20, 38 б.; 81-83 бб.]. Егер айтулы асуды шынымен де Қастек асуы деп сенуге тура келсе, онда олар ертеңінде барып жеткен «шағын кентті» Қастек асуының күнгей бетінен іздеуге тура келеді. Академик К. Байпақовтың пікірі бойынша: Ұлы Жібек жолы, нақтырақ айтқанда оның Солтүстік-шығыс Жетісу арқылы өтетін бағытындағы «Қастек» бағыты арқылы Жібек жолы Ұсталық қала орны арқылы Бішкек аумағына, одан Қаражығаш қала орны арқылы Шу өңіріндегі ірі қалалардың бірі болған Навакетпен баламаланатын Қызыл өзен қаласы орнына өткен [21, 32-33 бб.].

Осы орайда айта кетерлігі еліміз археологтары ортағасырлық «Қастек 1» қаласын Қастек ауылынан 2,5 км оңтүстікте, Қастек өзенінің сол жағасында, Суық төбе тауының етегіндегі адырлардың бірінде орналасқанын анықтады [22, 133-140 бб.]. Осының өзі біздің Қазақ даласын басып өткен қытай саяхатшылары жол бойында кездескен қалаларды түгелдей жазып қалдырмаған деген пікірімізді растай түседі.

Жоғарыда баяндағандай Чанчун Чэньжэнь қазанның⁸ жұлдызында «Даши Линья ордасына» барып жеткен. Бұл Құз-Орда немесе Баласағұн қаласы еді. Чанчунь Чжэньжэнь атын атамай кеткен келесі қаланының орнын Баласағұннан батысқа қарай жеті-сегіз күннен кейін өткенін жазып қалдырған. Ол өз еңбегінде: Қазанның 18 күні біз тауды бөктерлеп батысқа қарай сапарымызды жалғастыра бердік. Сапардың 7 – 8 күндері шамасында тау оңтүстік жаққа таман мүйістеліп кетті. Осы маңда біз бір тас қаланың үстінен түстік, қала түгелімен қызыл тастан соғылыпты. Бұл қалада бір кездері қалың қол тұрғаны байқалады, қаланың батыс жағында самаладай тізілген қалың мазар тұр. Сол жерде біз тас көпірден өтіп, оңтүстік батыс жаққа қарай созылып жатқан тауды бөктерлеп жалғасты жол тарттық. Бесінші күн дегенде Сайрам қаласына жеттік деп жазған [3, 204 б.].

Ол жазып кеткен бұл қызыл тастан тұрғызылған қала – Ақыртас қаласыдеудің реті түседі. Ақыртас қаласының орны Тараз қаласынан 40 шақырым шығысқа қарай Ақшолақ темір жол бекетінен сәл оңтүстікке қарай қызыл қоңыр жартастай болып тастан қаланған орасан зор құрылыстың орны ретінде белгілі [19, 129-136 бб.]. Онда жүргізілген археологиялық жұмыстар нәтижелері Чанчун Чжуньжэнь жазбаларында көрсетілген мазмұндармен едәуір сәйкес келеді.

Қазақ жерінің аталған кезеңдегі қалалары туралы жалпылама сипаттамалық мәліметті Лю Ци да жазып көрсеткен. Ол: «Біз басып өткен жеті де сегіз мың ли 17 жолдан біздің 17 Мәтінде Отрар қаласының аты Эдала(訛打刺) деп көрсеткен. Бір ғана «Юанши» кітабының әр түрлі тарауларында Отырар қаласының аты: Э-дала(訛打刺), Э-дала(訛答刺), Вотолоэр(斡脫羅兒), Вутилаэр(兀提刺兒) т.б. болып әр түрлі жазылған. бір байқағанымыз таудың шығысында өзендер мен дәриялар ылғи да шығысқа қарай ағады екен, таудың батыс жағына өткеннен кейін өзен-дариялардың барлығы түгелдей батыс - қа қарай ағып жатқанын көрдік» деп жазады. Ол айтып отырған бұл таулар Қанқай, Алтай, Тарбағатай және ТяньШань тау жоталары еді. Автор одан әрі: «Біз одан ары тағы да төрт-бес мың ли жол жүргеннен кейін ауарайы жылы аймақтарға жеттік. Бұл аймақта біз жүзден артық қаланы басып өттік. Олардың аттарының барлығы да қытай тілінде емес» деп жазады. Біз ол басып өткен жүзден аса қаланы Алтайдан Алатауға дейінгі жолда кездестірген деп қараймыз. Ол тағы: «Ондағы адамдармен тілдескенімізде олар өздерін жеке-жеке молиси, мокэли, хылихэсы, найман, канли, гюйгу, тума, хэлу деген елміз деп таныстырды» деп жазды [3, 233 б.]. Ван Говэй осында айтылған «молиси, мокэли, хылихэсы, найман, канли, гюйгу, тума, хэлу» деген тайпаларды жеке-жеке меркіт, керей, қырғыз, найман, қаңлы, ұйғыр, тұма, қарлық тайпалары деп қарайды [3, 235 б.] Бұл жағын аталған тайпалардың осы дәуірдегі қоныстану ақуалы да растай түседі. Ендеше автор басып өткен жүзден артық қаланы тұрғызғандар жоғарыда аты аталған тайпалармен тығысз байланысты болғанына талас тудырмауға тиісті. Бұл жағы бізге аталған қалаларды кімдер тұрғызды деген сауалға толық қанды жауап береді.

Қытай авторлары аталған кезеңдегі қалаларды ғана суреттеумен бірге ондағы қала тұрғындарының діни наным мен рухани болмысы туралы да қатысты мағлұматтар ұсынып отырған. Дегенмен бұл жағы өз алдына арнаулы тақырып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сюань Цзан. «Да Тан Сиюй цзи» («Ұлы Таң әулеті заманындағы Батыс өлке туралы жазбалар»)(玄奘著;芮傳明譯註:《大唐西域記》. 貴州人民出版社). – 1995. – 731 б.

⁸ Мәтінде Отрар қаласының аты Эдала(訛打刺) деп көрсеткен. Бір ғана «Юанши» кітабының әр түрлі тарауларында Отырар қаласының аты: Э-дала(訛打刺), Э-дала(訛答刺), Вотолоэр(斡脫羅兒), Вутилаэр(兀提刺兒) т.б. болып әр түрлі жазылған.

2. Б. Еженханұлы, Ж. Ошан, С.Сұңғатай, Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. I том. Саяхатнамалар мен тарихи географиялық еңбектерден таңдамалылар. Алматы, – 2006. – 393 б.
3. Ян Цзяньсинь, «Гу си син цзи» – Нинься Жэньминь чубаньшэ, 1987. – 628 б. (杨建新 主编 «古西行记» 选注, 宁夏人民出版社.1987).
4. Цэн Чжунмянь, Танши юй шэнь. Шанхай: Чжунхуа шуцзюй. 1960 (岑仲勉 «唐史余藩», 上海: 中华书局.1960 年. 卷 4, 243 页)7
5. Е Люй чуцай. Си ю лу // «中外交通史籍丛刊» («真腊风土记校注», «西游录», «异域志» [元] 周达观原著 夏鼎校注, [元] 耶律楚材著 向达校注, [元] 周致中著 陆峻岭校注. 中华书局, 2000 年. 1-26 бб.
6. Сун Лян. Юаньши. «元史» «耶律楚材传» 卷一四六.
7. Чэнь Дэчжи. Моңғол, Юань патшалығы тарихы туралы зерттеулер (陈得芝. «蒙元史研究丛稿» 北京: 人民出版社, 2005).
8. Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері [Текст]: моңғолдың құпия шежіресі / Н. Базылхан. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – Т.1: Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. – 400 с.
9. 'Alā' al-Dīn 'Aṭā Malik Juvaynī (1997). Genghis Khan: the history of the world conqueror. Manchester University Press ND. p. 763.
10. Pelliot P. et Hambis L. Histoire des campagnes de Gengis Khan, t.1, Leiden, 1951.
11. J.R. Homilton, «Autour du manuscrit Staël-Holstein», T'oung Pao 46, 1958.
12. Zhang Tieshan & Peter Zieme (қытайша аударма. Бай Юйдун). «Он Ұйғыр ханы және оның хандығы туралы меморандум» // Қытай Халық университеті. Батыс аймақ тарихы мен тілі туралы зерттеулер. Vт. 157-176 бб. (张铁山 茨默 著: 白玉冬 译 «十姓回鹘王及其王国的一篇备忘录». 中国人民大学国学院西域历史语言研究所, 沈卫荣 主编: 西域历史语言研究集刊, 第五辑, 北京, 科学出版社, 2012 年. 157-176 页).
13. Хуан Вэнби. Хуан Вэнби тарихи архелогия туралы зерттеулері. Вэн ву чубвнь шэ, 1989 ж.-409 (黄文弼著 / 黄烈 编: «黄文弼历史考古论集». 文物出版社: 1989).
14. Плано Карпини Джiovанни. История монголов. Рубрук Гильом. Путешествие в Восточные страны. Ред., вступ. статья, примеч. Н. П. Шастиной. – М.: Государственное издательство географической литературы, 1957. . 272 с. + карта.
15. Фэн Чживэн, Тұрды Нәсір. Батыс өңір топонимі. Үрімжі: 2002. – Шынжаң халық баспасы (冯志文, 吐尔迪. 纳斯尔, 李春华, 贺灵, 石晓奇等. «西域地名词典» 新疆人民出版社 / 2002) 600 б.
16. Вэй Лянтао. Батыс Ляо патшалығы тарихынан очерктер. Бейжің: Жэнмин чубаншэ, 1991. – 166 б. (魏良弢: «西辽 史纲», 人民出版社. 1991).
17. Тан Цисян. «Тарихи карталар жинағы» (7 том), 38-39 бб. (谭其骧主编: «中国历史地图集» 第 7 册, 上海: 中国地图 出版社 1982 年).
18. Суй Сун. Батыс аймақтың су жолдары туралы жазбалар. Чжунхуа шуцзюй. 2005 ж. (徐松著: «西域水道记» 中华书局, 2005).
19. Байпаков К.М. Средневековые города казахстана на Великом шелковом пути. – Алматы, Ғылым. 1998 г.
20. Бартольд В.В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893–1897 гг. // Сочинения. – М.: Наука ГРВЛ, 1966. – Т. 4. – С. 38. 81-83.
21. Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (VI–начало XIII в.). – Алма-Ата: Наука, 1986.
22. Ғ.Қ. Халидуллин, А.Ә Нұржанов, Ғ.А. Меңлібаев, Е.Ш. Ақымбек, Ә.Қ. Қәдіров. Ұлы жібек жолындағы жетісу өңірінің ортағасырлық қастек-1 қаласы (VI-XIII ғғ) // Абай атындағы Қаз ПУ-дың ХАБАРШЫСЫ, «Тарих және саясиәлеуметтік ғылымдар» сериясы, № 3 (30), 2011 ж. 133-138 бб.

МАЗМҰНЫ

Атантаева Б.Ж., Бекбаева А.Е. XIX ҒАСЫРДЫҢ І ЖАРТЫСЫНДА ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНА ЭТНИКАЛЫҚ ТОПТАРДЫҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛУЫ	6
Атығаев Н.Ә. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ МӘСЕЛЕСІНЕ КӨЗҚАРАСЫ	14
Жеңіс Ж., Нәлібаева С.М. “ШАХНАМА” ЖЫРЫНДАҒЫ ТҰРАНДЫҚТАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ	28
Жубанышов Б.Т., Каипбаева А.Т. XIX – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ ӨЛКЕСІНДЕГІ ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ АГРАРЛЫҚ-ОТАРШЫЛДЫҚ САЯСАТЫ	35
Кожанов К.Б. РЕСЕЙ ЖӘНЕ ҰЛЫБРИТАНИЯ ГЕОСАЯСАТЫНДАҒЫ АУҒАНСТАН (XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ-XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)	39
Күлсариева С.П. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАЖАЙЫНЫҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖИЫНТЫҚТАҒЫ ЕРТЕ ПАЛЕОЛИТ АРТЕФАКТТАРЫ	50
Курманкулов Ж., Утубаев Ж.Р. АНТИЧНЫЕ ПАМЯТНИКИ НИЖНЕЙ СЫРДАРЬИ	56
Құрманалина Н.Н., Тулебаев Т.А. «ОЙРАТ» ЭТНОНИМІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНАН	64
Орынбаева Г.Ү. АРИДТЫ АЙМАҚТАРДАҒЫ КӨШПЕЛІ ЖӘНЕ ЖАРТЫЛАЙ КӨШПЕЛІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР (19-ҒАСЫРДЫҢ 80-ЖЖ. – 20-ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)	74
Оспанов Н. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНАН	96
Жанымхан О. ҚЫТАЙДЫҢ XIII ҒАСЫРДАҒЫ САЯХАТНАМАЛАРЫ МЕН ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ҚАЗАҚ ЭТНОТЕРРИТОРИЯЛЫҚ БӨЛІГІНДЕГІ ҚАЛАЛАР	104
Рустем К., Сарыбаев М. ГЛАВЛИТ НҰСҚАУЛАРЫ – КЕҢЕСТІК ҚОҒАМДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ЦЕНЗУРАЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ	120

Сарыбаев М.С. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕУРОПА ЕЛДЕРІМЕН ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ	126
Төленова З.М. Д.А. КОНАЕВ И РАЗВИТИЕ НАУКИ КАЗАХСТАНА	133
Хинков-Айтбаева Н.Б. ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ КЕЗІНДЕГІ КҮРДТЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ЖЕР АУДАРЫЛУЫ (ҰОС 70 ЖЫЛДЫҒЫНА)	141
Шалекенов М.У. XIX-XX ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚСТАНДАҒЫ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ	150

СОДЕРЖАНИЕ

Атантаева Б.Ж., Бекбаева А.Е. ЗАСЕЛЕНИЕ ЭТНИЧЕСКИХ ГРУПП НА ТЕРРИТОРИЮ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В I ПОЛОВИНЕ XIX ВЕКА	6
Атыгаев Н.Ә. К ВОПРОСУ О ТРАКТОВКЕ ПРЕДЫСТОРИИ ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА	14
Жеңіс Ж., Налибаева С.М. МИРОВОЗЗРЕНИЕ ТУРАНЦЕВ В ЭПОСЕ «ШАХНАМЕ»	28
Жубанышов Б.Т., Каипбаева А.Т. АГРАРНО-КОЛОНИАЛЬНАЯ ПОЛИТИКА ЦАРСКОЙ РОССИИ В СЕМИРЕЧЕНСКОЙ ОБЛАСТИ В XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКА	35
Кожанов К.Б. АФГАНИСТАН В ГЕОПОЛИТИКЕ РОССИИ И БРИТАНИИ (КОНЕЦ XIX - НАЧАЛО XX ВЕКА)	39
Күлсариева С.П. АРТЕФАКТЫ РАННЕГО ПАЛЕОЛИТА В АРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ КОЛЛЕКЦИИ ЦЕНТРАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО МУЗЕЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	50
Курманкулов Ж., Утубаев Ж.Р. АНТИЧНЫЕ ПАМЯТНИКИ НИЖНЕЙ СЫРДАРЬИ	56
Құрманалина Н.Н., Тулебаев Т.А. ИСТОРИОГРАФИЯ ЭТНОНИМА «ОЙРАТ»	64
Орынбаева Г.Ү. ОСОБЕННОСТИ КОЧЕВОГО И ПОЛУКОЧЕВОГО ХОЗЯЙСТВА КАЗАХОВ АРИДНЫХ ЗОН (80-Е ГГ. XIX– НАЧАЛО XX В.)	74
Оспанов Н. ИЗ ИСТОРИИ СТАНОВЛЕНИЯ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ	96
Жанымхан О. ГОРОДА КАЗАХСКОЙ ЭТНОТЕРРИТОРИИ В КИТАЙСКИХ ПУТЕВЫХ ЗАПИСКАХ И ИСТОРИКО-ГЕОГРАФИЧЕСКИХ ТРУДАХ XIII ВЕКА	104
Рустем К., Сарыбаев М. ИНСТРУКЦИИ ГЛАВЛИТ – КАК ИСТОЧНИК КОНТРОЛЯ НАД ЦЕНЗУРОЙ В СОВЕТСКОМ ОБЩЕСТВЕ	120

Сарыбаев М.С.

СОТРУДНИЧЕСТВО КАЗАХСТАНА СО СТРАНАМИ ЕВРОПЫ
В ЭНЕРГЕТИЧЕСКОЙ СФЕРЕ126

Төленова З.М.

Д.А. КОНАЕВ И РАЗВИТИЕ НАУКИ КАЗАХСТАНА133

Хинков-Айтбаева Н.Б.

ДЕПОРТАЦИЯ КУРДОВ НА ТЕРРИТОРИЮ КАЗССР ВО ВРЕМЯ ВЕЛИКОЙ
ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ (К 70-летию ВОВ)141

Шалекенов М.У.

ЖИВОТНОВОДСТВО КАРАКАЛПАКИИ В XIX - НАЧАЛЕ XX вв150

CONTENTS

Atantayeva B.Zh., Bekbayeva A.E. SETTLEMENT OF ETHNIC GROUPS IN THE TERRITORY OF EASTERN KAZAKHSTAN IN THE FIRST HALF OF THE 19th CENTURY	6
Atygayev N.A. ON THE INTERPRETATION OF THE PREHISTORY OF THE FORMATION OF THE KAZAKH KHANATE	14
Zhenis Zh., Nalibayeva S.M. THE WORLDVIEW OF THE TURANIANS IN THE EPIC “SHAHNAMEH”	28
Zhubanyshov B.T., Kaipbayeva A.T. THE AGRARIAN-COLONIAL POLICY OF TSARIST RUSSIA IN THE SEMIRECHYE REGION IN THE 19TH AND EARLY 20TH CENTURIES	35
Kozhanov K.B. AFGHANISTAN IN THE GEOPOLITICS OF RUSSIA AND BRITAIN (END OF THE XIX AND EARLY XX CENTURY).....	39
Kulsariyeva S.P. ARTIFACTS OF EARLY PALEOLITHIC COLLECTION OF CENTRAL STEPPE MUSEUM OF REPUBLIC OF KAZAKHSTAN	50
Kurmankulov Zh., Utubayev Zh.R. ANCIENT MONUMENTS OF THE LOWER SYRDARYA	56
Kurmanalina N.N., Tulebaev T.A. HISTORIOGRAPHY OF THE ‘OYRAT’ ETHNONYM	64
Orynbayeva G.U. FEATURES OF NOMADIC AND SEMI-NOMADIC ECONOMY OF THE KAZAKHS OF ARID ZONES (THE 80th OF XIX – EARLY OF THE XX CENTURY)	74
Ospanov N. FROM THE HISTORY OF THE DEVELOPMENT OF INTERNATIONAL ORGANIZATIONS	96
Zhanymkhan O. CITIES OF THE KAZAKH ETHNO-TERRITORY IN CHINESE TRAVEL ACCOUNTS AND HISTORICAL-GEOGRAPHICAL WORKS OF THE THIRTEENTH CENTURY	104
Rustem K., Sarybayev M. GLAVLIT GUIDELINES - AS A BASIC SOURCE FOR THE CONTROL OF CENSORSHIP IN THE SOVIET SOCIETY	120

Sarybayev M.S. KAZAKHSTAN'S COOPERATION WITH EUROPEAN COUNTRIES IN ENERGY SPHERE	126
Tolenova Z.M. D.A. KUNAYEV AND THE DEVELOPMENT OF SCIENCE IN KAZAKHSTAN	133
Khinkov-Aitbayeva N.B. THE DEPORTATION OF KURDS TO THE TERRITORY OF Kaz.SSR DURING THE SECOND WORLD WAR	141
Shalekenov M.U. CATTLE-BREEDING IN KARAKALPAKSTAN IN THE XIX – EARLY XX CENTURIES	150

Электрондық ғылыми журналы
2017. 2(10)

Бас редактор: Қабылдинов З.Е.
Компьютерде беттеген: Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.06.2017.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-ү